

«Қазақ тілін үйретуде ата-аналарды қатыстыру»

«Тіл болашағы-балабақшада»

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік тілге оқыту мәселесі мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Тілді үйрену-оңай жұмыс емес, алайда бір ғана тілді білетін адамнан бірнеше тілді білетін адам екі есе рухани жағынан бай болып келеді. Бұл мәселенің шешімін бала тұлғасының өзіндік дамуы мен өзіндік қалыптасуына бағытталған әрекетінде білім мазмұнының мәдени-тарихи материалмен қанығуынан, білімділік – тәрбиелік үрдіске жүйелі тұрғыда ұйымдастыруынан көреді.



Қажетті аспектілердің бірі болып табылатын:

*** Ата-аналармен қарым-қатынас.**

«Қазақ тілін» оқыту негізінде бүгінгі таңда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың бірнеше түрлері алға қойылып, іске асуда.

Қазақ тілі оқытушысының негізгі мақсаты:

Ересек және мектепалды топтарында балаларды қазақ тілінде ауызша сөйлей білуге үйрету: қарапайым сөздік құралдарды пайдалана отырып, айналадағылармен қарым-қатынасқа түсуді үйрету, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға жаттықтыру т.б. болғандықтан, бұл міндеттері мен мақсатының іске асырылуына от-басының араласуының қаншалықты маңызы бар екені түсінікті.

Қазақ тілін үйретуде ата-аналарды қатыстырудың негізгі мақсаттары:

- *Тілге деген тиянақты, мүдделі көзқарасты және құрмет сезімін қалыптастыру.
- *Ата-аналарды балалары үйренетін тілдің әлем мәдениетімен таныстыру.
- *Ата-аналарды, балаларды қазақ тіліне деген қызуғышылықтарын тудырып, қазақ тілінде сөйлеуге, араласуға тарту.
- *Ата-аналармен бірлесіп балаларды тілді құрметтеуге, Отанды сүйуге, ұлтаралық достыққа тәрбиелеу.

Оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің балабақшамызда ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда.

- 1.Ата-аналар мен педагогтың үздіксіз қарым-қатынасы(диалог).
- 2.Қазақ тілін үйренуде кеңестер беру.
- 3.Жылжымалы мұқабалар жасау.
- 4.Бірлескен ойын –сауық кештер,ертеңгіліктер ұйымдастыру.
- 5.Ата-аналарға арналған «Қазақ тіліне үйренуге қалай қарайсыз?» сауалнамалар.
- 6.Ата-аналарды білім беру үрдісіне қатыстыру.
- 7.Пікірталастар.
- 8.Ақпараттық стендтер жасау.
- 9.Көрнекілік насихат.
- 10.Көрмелер ұйымдастыру.

Қазақ тілінің мұғалімі мен тәрбиешінің іс -әректін толық талдау үшін мектепке дейінгі мекемеде тоқсан сайын балалардың тілді үйрену деңгейінің диагностикасы жасалады.Сонда да көптеген жағдайларда балалардың көбінде тілдік орта жоқ-сабақтан тыс ұйымдастырылған жұмыстар,ал бұл болса өте қатты қажет болып саналады. Бұл іс-әрекет тиімді жүзеге асырылуы үшін қазақ тілінің мұғалімі,тәрбиеші,ата-аналар тығыз байланыста жұмыс істейді.Ата- аналарды дидактикалық ойындармен, жаттығулармен, әндер және өлеңдердің мәтіндерімен таныстырамыз,содан барып олар үй жағдайында фонетикалық жаттығулар мен сөздерді қайталайды, бекітеді.

Отбасында қазақ халқының дәстүрлеріне сүйеніп, тәрбие беруге байланысты ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар арқылы балаларды тәрбиелеу» атты пікірталастар, мерекелік шаралар өткіземіз.

Балабақшамызда өтетін барлық мерекелік ертеңгіліктерде басқа ұлт өкілдерінің балалары қазақ тілінде тақпақ, ән айтып, қазақ халқының билерін билеп, ата-аналарын қуантады. Балабақшада ата-аналар педагогтың басты көмекшісі деуге болады.Ата-аналардың көмегімен жасалған көрмелер, балаларға арналған қазақ әдебиетінің кітапханасы, қазақ тілі бұрышы, ақпараттық стендтер бар.